

«Д.ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП» КММ



**2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ
Д.ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП
ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**

Ақтөбе қаласы

БЕКІТЕМІН

«Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ директоры А. А. Тажимншев
2023 жылғы «31» тамыз
Хаттама №2



2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАҒЫ

(«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының педагогтік жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 16.09.2021 №472 бұйрығы және 2023 жылғы 25 сәуірдегі №3 хаттамасымен бекітілген «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты негізге ала отырып жасалды)

Ақтобе қаласы, 2023 жыл

**2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ
Д.ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕП
ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ**

Ақтөбе қаласы

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
2022-2023 оқу жылындағы жұмысына талдау және
2023-2024 оқу жылына мақсат-міндеттері

МАЗМҰНЫ

I. Мектептің жалпы сипаттамасы

- 1.1. Білім беру деңгейлері бойынша мектепте білім алушылар контингенті туралы мәліметтер
- 1.2. Мектептің әлеуметтік паспорты
- 1.3. Педагогикалық кадрлардың сандық-сапалық құрамы
- 1.4. Мектептің материалдық-техникалық қызметі

II. Білім беру үдерісін ұйымдастыру.

- 2.1. Мектепті басқару алқалы органдарының жұмысы
- 2.2. Мектептегі әдістемелік жұмыс
- 2.3. Жалпы бастауыш, жалпы негізгі және орта білім беру деңгейіндегі білім беру сапасы
- 2.4. Дарынды оқушылармен жұмыс
- 2.5. Мектептің психологиялық-әлеуметтік қызметі

III. Мектептің тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

- 3.1. Құқықбұзушылықтың алдын алу және патриоттық тәрбие
- 3.2. Мектептің спорттық-сауықтыру бағытындағы жұмыс қорытындысы
- 3.3. Қосымша білім беру қызметі
- 3.4. Кітапхана жұмысы
- 3.5. Мектептегі кәсіптік бағыт-бағдар беру бойынша жұмыс
- 3.6. Мектептегі өзін-өзі басқару жүйесі

IV. Жалпы қорытындылар: даму перспективалары мен 2023-2024 оқу жылына мақсат-міндеттер мен жұмыс жоспары

I. МЕКТЕПТІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1. БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША МЕКТЕПТЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

2016-2017 оқу жылында 1 676 оқушы білім алса, 2022-2023 оқу жылын 3605 оқушы болды. Тәрбиенушілер саны өзгерген сайын класс топтарының саны да артты. 2016-2017 оқу жылы - 62 класпен бастаса; 2022-2023 оқу жылы 140 класс-комплект болды.

Жылдар	2020-2021	2023-2024	2022-2023
Оқушылар саны	3900 оқу жылының басы/ 3264	3317	3605
Контингенттің өзгеруі	+330	+53	+288

1.2. МЕКТЕПТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПАСПОРТЫ

140 класс комплект

1	Барлығы	3605
2	Ұлдар саны	1797
3	Қыздар саны	1807
4	Жетім балалар Ата-ана қамқорлығынсыз қалған	9
5	Анасы жоқ балалар /қайтыс болған/	79
6	Әкесі жоқ балалар /қайтыс болған/	143
7	Толық емес отбасы /Ажырасқан/	435
8	Қауіпті топқа жататын балалар: а) КДН-ке тіркелген балалар б) Мектепшілік есепте тұрған оқушылар	
9	Сәтсіз жанұя а) Ішімшікке әуес ата-аналар б) Бала тәрбиесімен айналыспайтын ата-аналар в) Милицияда тіркеуде тұрған ата-аналар	0
10	Көп балалы жанұядан шыққан оқушы	706
11	Мүгедек оқушылар	57

12	Ата-әжесімен, басқа туыстарымен бірге тұратын оқушылар (сенімхаты бар)	59
13	Жұмыс жасайтын ата-аналар саны	4412
14	Жұмыссыз ата-аналар саны	1584
15	Өгей анасымен және әкесімен тұратын оқушылар	83
16	Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар	293
17	Пәтер жалдап тұратын оқушылар	368
18	Жеңілдетілген санат бойынша көмек алатын оқушылар саны	884
19	Азаматтығы жоқ білім алушылар	
20	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	
21	Кәмелетке толмағандар ісі жөнінде бөлімде есепте тұрғандар	
	Ата-аналарының білімі	
22	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	4130
23	Техникалық және кәсіптік	1872
24	Орта	977

1.3. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫҢ САНДЫҚ-САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Мектепте өткен 2022-2023 оқу жылында 253 педагог кадр еңбек етті.

Оқу жылы	2020-2021	2023-2024	2022-2023
Мұғалім саны	236	255	253
Өсу динамикасы	+19	+19	-2

Мектептегі педагог ер азаматтар санының динамикасы:

Оқу жылы	2020-2021	2023-2024	2022-2023
Ер азаматтар саны	40	46	50
Өсу динамикасы	+7	+6	+4

Мұғалімдердің білімі туралы мәліметке келсек, **2023-2024 оқу жылында 95%** жоғары білімді және **5%** арнаулы орта білімді мұғалімдер болды. Ал **2022-2023** оқу жылында 239 жоғары білімді, **14** арнаулы орта білімді мамандар жұмыс жасады.

Оқу жылы	2020-2021	2023-2024	2022-2023
Жоғары білімді	214	242	253
Арнаулы орта білімді	22(9%)	13 (5%)	14 (5%)

Соңғы жылдары орыс тілінде оқытылатын класс мұғалімдерінің жетіспеушілігі байқалады.

Мұғалімдердің санаты туралы сандық мәліметтерге сүйенсек, 4 пайызға төмендеген. Әсіресе, санаты жоқ мамандардың саны өскен (жұмысқа қабылданған жас мамандар есесінен)

Оқу жылы	2020-2021	2023-2024	2022-2023
Мектептегі барлық мұғалім саны	236	255	240
Жоғары санатты мұғалім саны	5	3	1
I санатты	12	3	0
II санатты	14	4	3
педагог-шебер	4	6	5
педагог-зерттеуші	59	66	68
педагог-сарапшы	29	56	42
педагог-модератор	59	73	60
Санаты жоқ	54	45	61
Сапалық құрам	46,1%	52,5%	48,3%

2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өткен мұғалімдер

	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Біліктілік санатына сәйкес келеді
2023-2024	0	2	7	17	25
2022-2023	0	9	3	14	25

1.4. МЕКТЕПТІҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Оқу-материалдық қор кешені:

Оқу кабинеті – 61
Класс кабинеті – 39
Интерактивті тақтасы бар кабинеттер – 72
Паспортталған кабинеттер – 42
Зертханалық (арнайы) кабинет – 5
Спорт зал – 1
Гимнастика залы - 1
Мәжіліс залы – 1 (435 орындық)
Мектеп асханасы – 1 (372 орындық)
Кітапхана – 1
Мұражай – 1
Авторлық кабинеті – 2 (шахмат, «ART VIEW» шығармашылық студиясы)
Ағылшын тілі кабинеті – 6
IT кабинет – 1
Информатика кабинеті – 2
Робототехника -1
Технология кабинеті – 1
Психолог кабинеті – 1
Логопед кабинеті – 1

Мектептің материалдық-техникалық базасы жыл бойына жаңартылып, толықтырылып келді. Білім сапасын арттыру үшін білім беру үдерісіне қатысушылар мектептің материалдық-техникалық жағынан толық жабдықталуын қамтамасыз етуі қажет. Информатика кабинеттері қажетті заманауи техникалық құралдармен жабдықталды, интернет желісіне қолжетімділік қамтылған. Мектептің барлық блоктарында интернетке қосылу мүмкіндіктері бар, қазіргі кезде мұғалімге де, оқушыларға да интернетпен жұмыс жасау жағдайы жасалған. Мектеп компьютерлік-техникалық құралдармен қамтамасыз етілген. Жалпы мектеп бойынша 295 дербес компьютер және 182 ноутбук компьютерлік техника құрылғылары бар. 19 интерактивті тақта, 46 интерактивті панель оқу кабинеттеріне қолданысқа берілді.

Мектептің барлық оқу кабинеттері мен дәліздері толығымен бейнебақылау камераларымен (жалпы саны 184 камера) жабдықталған.

II. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2.1. МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ АЛҚАЛЫ ОРГАНДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ

Мектепті басқару 6 алқалы органдар жұмысымен жүзеге асырылады:

1. Педагогикалық кеңес.
2. Әдістемелік кеңес
3. Мектеп директоры жанындағы кеңес
4. Қамқоршылық кеңес
5. Құқықтық кеңес.
6. Әдеп кеңесі

2.2. МЕКТЕПТЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Мектепте әдістемелік жұмысты ұйымдастыру төмендегі мәселелерді қамтиды: әдістемелік зерттеу, жаңа әлеуметтік сұранысты ескере отырып жұмыстардың бүгінгі жағдайын сараптау, қызметтің нақты мақсаты мен міндеттерін қоя білу, жұмыс мазмұнын, түрлері мен әдістерін, мақсатқа жету жолдарын, мұғалімге диагностикалық зерттеудің нәтижелері негізінде нақты әдістемелік көмек беру, оқушының қызығушылығын арттыру, жұмыстардың орындалуын тексеру, бағалаудың және сараптаудың нәтижелерін жоспарлай білу т.с.с.

Мектептің әдістемелік кеңесінің өзекті мәселесі: «Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту».

2022-2023 оқу жылында біліктілікті арттыру курстарынан, оның ішінде базалық курстан 54 мұғалім, PISA халықаралық зерттеуі бойынша арнайы курстан 253 мұғалім түгел өтті.

Мектебімізде 10 әдістемелік кафедра жұмыс жасайды. Әр кафедра өзінің белгілеген әдістемелік өзекті мәселесін басшылыққа алып, жұмыстанып келеді.

Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін және оқушылардың өнерін, дарынын көрсететін жұмыстың түріне пән апталықтарын өткізу жатады. Оларды өткізу жоспары жылдың басында жасалынды. Жыл басында бекітілген оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес мектепте 10 кафедраның мүшелерімен 13 пәндік апталықтар өткізілді. Пән апталығын өткізудің қорытындысы әдістемелік кеңестің отырысында қаралып, әрқайсысының материалдары жинақталып, тапсырылды.

Жас мамандармен жұмыс барысына тоқталар болсам, мектебімізде бірнеше жылдан бері «Жас мамандар мектебі» жұмыс жасайды. Құрамында 48 жас маан бар. Мектепке келген жас мамандарды қолдау, олардың кәсіби дамуына ықпал ету мақсатында 2 жыл қатарынан мектебімізде «Үздік жас маман» конкурс-марафоны өткізілді.

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ және «Д.Қонаев атындағы Халықаралық қоғамдық Қор» меморандумы аясында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы «Ақтөбе» облысы бойынша Кәсіби даму институты» Ақтөбе қаласында 2023 жылы 5 қаңтар күні «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ базасында «ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ – ҒАСЫР САҢЛАҒЫ» атты І Республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференцияның мақсаты – білім беру ұйымдарында Д.А.Қонаевтың ұлы тарихи тұлға ретінде есімін ұлықтау, жобалық-зерттеу жұмысын енгізу мен жүзеге асыруда ақпараттық және әдістемелік қолдау көрсету.

Конференция жұмысының бағыттары:

- «Д.А.Қонаев және қазақ ғылымы» (Д.Қонаевтың қазақ ғылымын дамытудағы еңбектері)
- «...Халқы үшін бәріне даяр шын ұлт перзенті...» (Д.Қонаевтың басқарушылық қызметі)
- «Мұхиттан өткен қайық» (Д.Қонаевтың тарихи тұлға ретінде зерттелуі)
- «Қара сөздің қаймағы» (Д.Қонаевтың нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні)

Конференцияға қатысуға 250ден астам сұраныстар мен авторлық мақалалар түсті. Мақалалардың талаптарға сай болуы, конференция материалдарының жинағына іріктеу үшін сараптау комиссиясы жұмыс жасады: 140 мақала іріктеліп, конференция материалдарының жинағына енді. Нәтижесінде 388 беттен тұратын 100 дана жинақ баспадан шықты.

Конференцияға қатысушылар: облыстық Білім басқармасы, аудандық (қалалық) білім бөлімдері, білім беру ұйымдарының басшылары, педагогтер, жоғары және орта арнаулы білім беру ұйымдарының оқытушылары, қоғам қайраткерлері. Сонымен қатар, аталған шараға республика көлемінде Д.А.Қонаевтың есімі берілген білім беру ұйымдары мен қоғамдық қор өкілдері шақырылды.

Конференция барысында мектепте Д.А.Қонаев кабинетінің ашылу салтанаты өтті. Қонаев кабинеті ұлы тұлға туралы мәліметтермен көркемделген, жаңа жиһаздармен, оқу-әдістемелік құралдарымен қамтылған. Жаңадан ашылған оқу кабинетіне жоғары класс оқушыларына сабақ өтетін болады.

Сонымен қатар, конференция аясында Алматы қаласындағы Д.Қонаев мұражайы және Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» арасында ынтымақтастық орнату мақсатында екіжақты меморандумға қол қойылды.

“ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ – ҒАСЫР САҢЛАҒЫ”

І Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның қорытындысы негізінде ұсыныстар:

1. Қайраткердің туған күні мен өмірден өткен күніне орай білім беру ұйымдарында танымдық іс-шаралар өткізу;
2. Тұлға атында мемлекеттік сыйлық тағайындау;

3. Ұлт көшбасшысына арнап гранттар мен жас ғалым шәкіртақылары тағайындалып, студенттерге магистрлық бөлімдер ашылып, мектеп оқулығы «География» пәнінде индустриялық, архитекторлық бағыттарға заман талабына сай тақырыптар енгізу;
4. Ақтөбе қаласының басты көшелерінің бірінде немесе үлкен саябақтарында Д.Қонаевтың ескерткішін орнату;
5. Дінмұхамед Ахметұлының есімін тек қала орталығындағы көшелерге ғана емес, облыстардың елдімекендеріндегі көшелерге де беру;
6. Дінмұхамед Қонаевтың ғылыми еңбектерін оқып, зерттеуге бағытталған ғылыми-зерттеу конкурстарын ұйымдастыру;
7. Орта және жоғары білім беру ұйымдарында «Қонаевтану» элективтік курсы енгізу;
8. Д.А.Қонаев туралы арнайы сағаттар «Қазақстан тарихы» пәніне енгізу;
9. Мемлекеттік қызметкерлер мен басшылардың арасында Д.Қонаевтың халыққа адал қызмет ету қағидалары насихатталып, жас мемлекеттік қызметкерлер арасында сайыстар ұйымдастыру;
1. «Қазақ тілі және әдебиеті», «Орыс тілі және әдебиеті», «Ағылшын тілі» оқулықтарына Д. Қонаевтың өмірі мен қызметі туралы мәтіндерді енгізу;
2. Д. Қонаевтың ел басқару тұсында Ақтөбе облысында құрылған Ембі, Хромтау, Қандыағаш, Алға, Жем қалаларындағы мектептермен ынтымақтастық алаңын ұйымдастыру; ынтымақтастық алаңы жоспарына сай Д. Қонаевтың тағылымға толы өмірі мен қызметі туралы жаңа форматтағы іс-шаралар өткізу;
3. Д.Қонаевтың есімін ұлықтау мақсатында оқушыларға арналған бейнефильмдер шығару және әлеуметтік желілер арқылы насихаттау;
4. Республиканың ірі қалаларының беделді жоғары оқу орындарының біріне ұлы тұлғаның есімін беру.

Үздік тәжірибе – ортақ игілік. Ынтымақтастық туралы меморандум аясында Ақтөбе облысы бойынша “Өрлеу” филиалының тыңдаушылары үшін Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасында бірнеше семинар-практикум өткізілді.

2023 жылдың 27 сәуір күні «Өрлеу БАҰО АҚ филиалының «5-9 сыныптардағы информатика пәнінің күрделі тақырыптары бойынша пән мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» тақырыбында курс тыңдаушыларына арналған Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп базасында «Оқыту үдерісінде 3D принтер мен робототехниканы бағдарлау тәсілдері» атты облыстық семинар-практикум өткізілді.

Облыстық семинар-практикумы Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп пен “Өрлеу” БАҰО АҚ филиалының өзара ынтымақтастық меморандумы аясында жоспарланып, ұйымдастырылды.

2023 жылдың 4 мамыр күні «Мектептегі заманауи білім беру процесі: электрондық оқулықтар және цифрлық сервистер қолдану сабағы» тақырыбында облыстық семинар-практикум өткізді. Мектебіміздің мұғалімдері өз жұмыс тәжірибелерімен бөлісе отырып, «Білім беру платформаларын тиімді пайдалану – табысты оқытудың нәтижесі», «Lesson Stady» педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың инновациялық технологиясы ретінде» тақырыптарында коучингтер, «Цифрлық білім беру: жаңа заман» цифрлық сервистер қолдану бойынша шебер-класс ұйымдастырды.

Мектебімізде «Soft skills технологияларын заманауи мұғалімнің практикасына енгізу» тақырыбындағы 2021-2024 жылдарына арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жасалынуда.

2023 жылдың 17 мамыр күні эксперименттік алаң жұмысы бойынша оқу жылының басында жоспарланған «Икемді дағдыларды қалыптастырудағы топтық жұмыстың ролі» облыстық семинар өткізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бойынша мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсатында өткен семинарға эксперименттік алаң құрамындағы мектептерден 26 педагог қатысты.

Әлді	Әлсіз
Пән апталықтарының уақытылы, қызықты өткізілуі Тренерлер жұмысының тиісті деңгейде жүргізілуі Біліктілігін көтеру курстарының тиімді ұйымдастырылуы Біліктілік санатын көтеруге өтініш берген мұғалімдердің артуы, біліктілік тесттерінен өтуі	Жас мамандармен жұмыстың бір жүйеге қойылмауы
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатер
Деңгейлік бағдарлама курстары бойынша сертификатталған мұғалімдердің іс-тәжірибесін тарату арқылы жас мамандар мектебінің жұмысын жандандыру	Бірлестік жетекшілерінің іс құжаттарының бірізділігінің жоқтығы

2.3. ЖАЛПЫ БАСТАУЫШ, НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ

Жалпы мектеп бойынша білім алушы саны 2023-2024 оқу жылы аяғында - 3 317 бала болды, 2-4 кластар бала саны – 2 856, білім сапасы - 55 пайыз, 2022-2023 оқу жылында 2-11 кластарда білім сапасы - 56 пайыз.

	2020-2021 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы
КЛАСС	сапа	сапа	сапа
1-4; 2-4	72,3%	68 %	58%
5-9	66,5%	53 %	49%
10-11	63,7%	43 %	50%
1-11; 2-11	69,2%	55 %	56%

Жалпы мектеп бойынша білім сапасы былтырғы оқу жылымен салыстырғанда - өзгеріссіз.

Жалпы орта мектепті үздік және «Алтын белгі» аттестатын алған түлектер саны

Оқу жылы	«АЛТЫН БЕЛГІ» иегерлер саны	«ҮЗДІК АТТЕСТАТ» иегерлер саны	Жалпы оқушылар саны
2020-2021	9	2	74
2023-2024	5	2	51
2022-2023	0	1	9

Негізгі орта мектеп курсы бойынша «ҮЗДІК аттестат» иегерлері

Оқу жылы	«ҮЗДІК АТТЕСТАТ» иегерлер саны	Түлек саны
2020-2021	25	197
2023-2024	21	198
2022-2023	24	233

Әр жылы бітірген түлектерді 90% жоғары оқу орнына түсті және грантқа ие болды.

Білім сапасы арттыру мақсатында әр тоқсан сайын, жыл сайын білім сапасы нәтижелері сарапталып, төмен білім сапасын көрсеткен кластар әкімшіліктің назарына алынады. Класс оқушыларының барлық жағдайлары ескеріледі: оқу кабинеттерінің жабдықталуы, пән мұғалімдерінің дайындығы, оқушылардың әлеуметтік жағдайлары, ата-аналармен байланыс т.с факторларды ескере келе, түзету шаралары ұйымдастырылды.

Осы жұмыстармен қатар, білім сапасын көрсеткіш деңгейі төмен пәндерді жетілдіру мақсатында жылдық жоспарға енгізіп, мұғалімдерге оқыту семинарлары ұйымдастырылды.

- ата-аналармен байланысты күшейту;
- ата-аналарға оқушылардың білім алу жағдайын қадағалау бағытында талапты күшейту.

Оқу процесін ұйымдастыру кезіндегі қиындықтар:

- үш ауысымда сабақ жүргізу;
- сабақтан тыс уақытта қосымша сабақтар өткізу үшін бос кабинеттердің болмауы;
- оқушы саны көптігінен даму мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға білім беру барысында қолайлы жағдайдың толық жасалмауы;

Келесі оқу жылына қойылатын міндеттер:

- 10-11 класс оқушыларына жоғары және бірінші санаттағы тәжірибелі мұғалімдердің сабақ беруін қарастыру;
- тоқсан, жыл барысында қанағаттанарлықсыз баға алған оқушыларды бақылауға алып, қосымша жұмыстар жүргізу;
- кәсіби бағдар жұмыстарын жиі, сапалы жүргізу;
- мектеп бойынша білім сапасын көтеру мақсатында жұмыстану.

2.4. ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ

Пәндік олимпиада – оқушыға ғылымның алғашқы ізденісін қалыптастыратын ең үлкен бәсеке. Жыл сайын 9-11 класс оқушылары арасында ғылым негіздерін құрайтын, мектепте оқытылатын пәндер бойынша мектепшілік, аудандық (қалалық), облыстық және республикалық олимпиадалар өтеді. Мектеп бойынша бойынша 2020-2023 жылдары Республикалық пәндік олимпиадаға жоғары сынып оқушылары белсене қатысып, жыл сайын жүлделі орындар иеленіп келеді. Соңғы 3 жыл ішінде 39 оқушы ғылым негіздері бойынша өткен пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінің жеңімпаздары атанса, оның 16-ы облыстық олимпиадада 1,2,3 жүлделі орындар иеленді.

Оқу жыл-дары	Қалалық кезеңге қатысушы саны	Жүлделі орын алғандар саны	Облыстық кезеңге қатысушы саны	Жүлделі орын алғандар саны	Республикалық кезеңге қатысушы саны	Жүлделі орын алғандар саны

2020-2021	29	14	4	3	-	-
2023-2024	27	11	6	6	1	1
2022-2023	28	14	8	6	1	1

Мектеп қала, облыс мектептері арасында командалық есепте де үнемі алдыңғы қатарда көрініп келеді. Облыс мектептері арасында 2020-2021 оқу жылында облыстық кезеңде 3-орын иеленді, ал 2023-2024 оқу жылында қалалық олимпиада қорытындысы бойынша командалық есепте мектеп 4-орын иеленді, «Жеңіске деген ұмтылыс үшін» номинациясымен марапатталды. Өткен 2022-2023 оқу жылы облыстық олимпиадада 6 оқушы жеңімпаз атанды, 1 оқушы республикадан 2-орын иеленді. Командалық есепте облыс мектептері арасында 2-орын иеленді.

Әдістемелік кафедралар дайындаған олимпиада жеңімпаздары
(сандық мәлімет)

Оқу жылы		Қазақ тілі мен әдебиеті	Орыс тілі әдебиеті	Ағылшын тілі	Тарих Құқық	Математика Физика Информатика	Географ Биолог Химия	Өзін өзі тану	Барлығы	Командалық нәтиже
2020-2021	Қала	2	2	1	2	2	4	1	14	Қала бойынша 3-орын
	Обл	1				1	1		3	
2023-2024	Қала	3	-	1	3	1	3	-	11	Қала бойынша 4-орын
	Обл	3	-	-	1	-	2	-	6	
	респ	1								
2022-2023	Қала	3	2	1	1	1	3		8	облыста 2-орын
	Обл	3	1				2		6	
	респ	1							1	

2.5. МЕКТЕПТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Психологиялық қызмет осы жоспарға сүйене отырып 2022-2023 оқу жылында психологиялық қызмет **6 бағыт** бойынша жұмыс жүргізіліп келеді.

1. Диагностикалық бағыт
2. Түзету және дамыту бағыты
3. Консультативтік бағыт
4. Ағартушылық және профилактика бағыты
5. Әлеуметтік бағыт
6. Эксперттік бағыт

Алдағы жылда психологиялық қызмет, педагог және психолог маман ретінде, мынадай жұмыстарды басшылыққа ала отырып жұмыстанады:

1. Білімалушылардың арасында психологиялық қолдау жұмыстарының сапасын жоғары деңгейге көтеру
2. Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын-алу жұмыстарының сапасын арттыру.
3. Психолог пен класс жетекшілермен бірлескен жұмыс түрлерін көбейту.

Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға жүргізілген әлеуметтік-педагогикалық қызметі

2022-2023 оқу жылындағы 1-11 класс аралығындағы оқушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы туралы мәлімет (класс жетекшілердің толтырған әлеуметтік паспорты негізінде)

Класс комплект саны: 140

Оқушылар саны: 3 605

Жынысы бойынша: ер бала -1797, қыз бала-1807

Аз қамтылған отбасы: 884

Көп балалы отбасы: 706

Жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушы: 9

Инклюзив: 44

Үйден оқыту: 14

Сәтсіз жанұя:0

Анасы қайтыс болған 79

Әкесі жоқ балалар 143

Толық емес отбасы 435

Ата-әжесімен 59

Атаулы әлеуметтік алатын отбасы 293

Пәтер жалдап тұратындар 368

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылы бойынша барлық әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар толық қамтылды. 884 оқушы тегін ыстық тамақтанды. Балалардың әлеуметтік құқығын қорғау және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, сонымен қатар, мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынасын құру, оқушылардың тұрмыстық жағдайын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттеу жұмыстарына аса көңіл аударып отырды. Көмектен тыс қалған оқушылар болған жоқ.

Ұсыныс:

1-11 класс ойынша оқушылардың әлеуметтік жағдайы зерттеліп, тұрмысы төмен отбасыларына көмек алуға қажетті құжаттар тізімі уақытында тапсырып, ата-анасының арызы бойынша жалпыға бірдей білім беру қорынан көмек көрсетіп, осы категориядағы оқушыларды үнемі назарда ұстау.

Ерекше білім беруді талап ететін оқушылардың ата-аналарына жазғы демалыс кезінде ПМПК-дан уақытылы өту туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

2023-2024 оқу жылына жоспар құру. Әлеуметтік көмек алатын оқушылардың санын жоспарлау.

III. МЕКТЕПТІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.

«Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептің» тәрбие жұмысының мақсаты - бәсекелестікке қабілетті, азаматтық, ұлттық, тарихи сана-сезімі қалыптасқан, ойлау қабілеті дамыған, зиянды әдеттерден бойы ада, салауатты өмір салтын ұстанатын, құқықтық және функционалдық сауаттылығы жоғары Қазақстан Республикасының патриотын тәрбиелеу.

Осы мақсатқа жету үшін педагогикалық процесс оқушы мен мұғалімнің бірлескен қызметі негізінде құрылады. Оқу және тәрбие қызметі ынтымақтастық және өзара түсіністік принциптеріне негізделді. Мектептегі тәрбие жұмысының мазмұны, сыныптан тыс және мектептен тыс педагогикалық жұмыс арқылы жүзеге асырылып келеді.

2022-2023 оқу жылында оқушылармен 5 бағыт бойынша зерделеу-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

7. Бейімдеу (адаптация) бағыты
8. Диагностикалық бағыт
9. Консультативтік бағыт
10. Профилактикалық бағыты
11. Әлеуметтік бағыт

Әр бала, әр класс жас ерекшелігіне қарай, әр буынға өткен сайын олардың бейімделу, өтпелі кезеңнен өту, кеңес беру, келеңсіз жағдайдың алдын алу, оңалту, психологиялық-моральдық қолдау, сүйемелдеу, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының зерттелуі, ынталандыру, оқуға деген зейіні мен ынтасы, өмірге деген құлшынысы, қоғаммен араласуы, қоғамдық шараларға қатысуы сияқты қадамдық жұмыстар жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында мектепте оқу-тәрбие жұмысы аясында мынадай жобалар жүзеге асты:

- Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтары Федерациясының қолдауымен шаралар;

- ☐ «Мектептің өзін-өзі басқаруы» күні ұйымдастырылды;
- ☐ «Дебат» қозғалысы белсенді жұмыс жасады;
- ☐ «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында іс-шаралар;
- ☐ «Отбасы – мектеп»;
- ☐ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ☐ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ☐ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ☐ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ☐ «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- ☐ «Қоғамға қызмет»;
- ☐ «Музей сабақтары»;

2022-2023 оқу жылында 1-11 кластар арасында кластар мен класс жетекшілердің тәрбие жұмысын мектепшілік бақылау қорытындылары мектептің алқалы органдарында қаралып, тиісті шешімдер шығарылды. I тоқсанда бейімделу бойынша 5 кластардың барлығы зерделенсе, II тоқсанда, төмен білім сапасын көрсеткен 6, 7, 8 кластар, III тоқсанда 2, 3, 9-11 кластар, IV тоқсанда 1, 4 кластар және жекелеген кей кластарды бақылауға алынды. Жалпы кластар 100% зерделеу

үдерісіне қатыстырылды. 1-11 класс жетекшілерінің құжаттамаларын тексеру туралы бұйрық негізінде 3-тоқсаннан кейін класс жетекшілердің барлық құжаттары зерделенді. Орын алған кемшіліктер уақытында түзетілді.

Мектепішілік бақылау жұмысы негізінде класс жетекшілер қызметінің атқарылу тиімділігі мен оқушылардың тәрбие алу деңгейі диагностикаланды, қанағаттанарлық деп танылды.

№	Класс жетекші қызметінің көрсеткіші	Класс жетекшілер қызметінің атқарылу тиімділігі (%)
1	Тәрбие жұмысының заңнамалық-құқықтық қамтамасыз етілуі	100%
2	Тәрбие үдерісінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі	100%
3	Оқушылардың тәрбие алу деңгейі	76,7%
4	Оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау қауіпсіздік ережелерімен танысу	100%
5	Оқушылардың сабақтың тыс уақытының ұйымдастырылуы	88%
6	Оқушылардың қоғамдық жұмыстарға араласуы	72,6%
7	Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесі	62,4%
8	Ата-анамен жұмыстың тиімді ұйымдастырылуы	88%
9	Мектептен тыс мекемелермен ынтымақтастық байланыс	51%
10	Тәрбие саласындағы жаңашылдық қызметінің нәтижелігі	61%

3.1. ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

2022-2023 оқу жылының басында құқықтық мәдениет, тәрбие және құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында ұжым болып жүргізілетін іс-шаралардың жоспарын құрып, бекітілген болатын.

Мектепте Қазақстан Республикасы заңнамалары негізінде жұмыс жүргізетін Құқықтық Кеңес құқық бұзушылықтың алдын алу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналардың (заңды тұлғалардың), қоғамдық ұйымдардың қызметін біріктіреді.

Қеңеске оның құрамы және оқушының заңды өкілі, яғни ата-анасының қатысуы қадағаланады. Жалпы, 2022-2023 оқу жылында Құқықтық Кеңестің отырысында мектепшілік есепке қою және тіркеуден шығару туралы шешім қабылданады.

«Тәртіп сақшылары» жасағының жұмысы.

Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында, мектебімізде онлайн «Құқық мектебі» жобасы жұмыс жасап жатыр.

Баланың дұрыс тұлға болып қалыптасуы, ең алдымен ата-анасының жауапкершілігінің мықтылығында. Баланы жастан деген даналық сөздің мағынасы өте терең, себебі есейіп кеткен соң баланың теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын.

3.2. МЕКТЕПТІҢ СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазіргі таңда мектебімізде 20-дан астам спорттық секциялар жұмыс жасайды. Оның ішінде «Тоғызқұмалақ», «Шахмат», «Дойбы», «Үстел теннисі», «Жеңіл атлетика», «Шағын футбол», «Баскетбол», «Волейбол», «Еркін күрес», «Қазақша күрес», «Грек-рим күрес», «Гір көтеру», «Бокс» үйірме-секциялары бойынша оқушылар қамтылды; ҚАББҚ негізде сурет, ағылшын, математика, "Сауатты оқып, сауатты жазамыз", хореография, шахмат, бокс, таэквон-до, еркін күрес, үстел теннисі, футбол, "Тәтті дәм", робототехника, мобилография, домбыра үйірмелері оқушылардың және ата-аналарының (занды өкілдерінің) қосымша білім беру қызметтеріне деген сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында ашылды.

Оқушылардың үйірме-секциялармен қамтылу көрсеткіштері

Оқу жылы	Жалпы оқушы саны	Спорт секциялары		Үйірме		ҚАББҚ		Жалпы
		Оқушы саны	%	Оқушы саны	%	Оқушы саны	%	2303 оқушы – 67 %

2020- 2021 оқу жылы	3264	1122	34%	750	23%	431	10%	
2023-2024 оқу жылы	3317	1118	33%	1200	36%	520	16%	2838 оқушы – 85 %
2022-2023 оқу жылы	3305	1332	37%	1231	34%	590	16%	2838 оқушы – 87,5 %

2022-2023 оқу жылында оқушылардың жеткен жетістіктері

№	Жарыстың атауы	Спорт түрі	Марапатталған оқушының саны	Жалпы
1	Қалалық деңгейде ұйымдастырылған түрлі спорттық жарыстар	Жекпе-жек спорт түрі	92	350
		Логикалық спорт түрі	73	
		Спорт ойындары	185	
2	Облыстық деңгейде ұйымдастырылған түрлі спорттық жарыстар	Жекпе-жек спорт түрі	53	208
		Логикалық спорт түрі	35	
		Спорт ойындары	120	
3	Республикалық деңгейде ұйымдастырылған түрлі спорттық жарыстар	Жекпе-жек спорт түрі	17	39
		Логикалық спорт түрі	10	
		Спорт ойындары	12	

Спорттық секцияға тартылған 1090 оқушы
ҚАБҚ арқылы тартылған 357 оқушы

Оқушылардың жетістіктері

Мектепшілік жетістіктер	Қалалық жетістіктер	Облыстық жетістіктер	Республикалық жетістіктер	Халықаралық жетістіктер
400	300	100	12	6

Қорытынды: жалпы алғанда, түрлі спорттық жарыстарда қала деңгейінде 350 оқушы, облыс деңгейінде 1208 оқушы, Республикалық деңгейде 39 оқушы жүлделі орындар иеленіп, жетістіктерге жетті.

SWOT талдауы:

Әлді	Әлсіз
-оқу бағдарламасының жоспарлы жүргізілуі; -жоспарланған мемлекеттік бағдарламаны меңгерілуі. -оқушылармен өткізілетін спорттық шаралардың түрлілігі, жетістіктер	-мұғалімдердің іс-тәжірибелерін басылымдарға жариялау, тәжірибе таратудың барлық мұғалімдердің жүргізбеуі, «ютуб» каналына сабақ орналастырудың толық қамтылмауы, жас мамандардың өз білімін көтеру бағытында аз жұмыстануы
Мүмкіндіктер	Қауіп- қатер
- білім мен білік дағды машықтарын жаңа педагогикалық технологияның мүмкіндіктерін көрсету арқылы қалыптастыру, кәсіби сайыстарға қатысу, жетістіктерге жету, басылымдарға материалдар жариялау, тәжірибе алмасу арқылы өз білімін көтеру. - оқушыларды дайындау арқылы жетістіктерді арттыру.	- қала мектептері арасында оқушылар спартакиадасының нәтижесі бойынша өткен оқу жылымен салыстырғанда рейтингінің төмендеуі. - кәсіби біліктілікті көтерудің баяулығынан білім сапасының төмендеуі

Келесі оқу жылына дене шынықтыру әдістемелік жұмыстарын жоспарлауға қосымша ұсыныстар:

1. Жас мамандардың өз білімін жетілдіру бағытындағы жұмыстарды жандандыру, сабақ беруде әдістемелік көмек көрсету.
2. Баспасөз құралдарына мақалалар жариялау, тәжірибе тарату, семинар, конференцияларға қатысу, тәжірибе алмасу бағытында барлық мұғалімдер жұмыстану.
3. Тәжірибелі ұстаздардың тәжірибесін тарату, кәсіби конкурстарға қатысуды дамыту.

4. Өзара сабаққа қатысу тәжірбе алмасу.
5. Оқушыларды сабақтан тыс спорттық іс-шаралар мен спорттық үйірмелерге баулу жұмыстарын жүргізу

3.3. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

2022-2023 оқу жылы мектепте қосымша ақылы білім беру қызметтерін (ҚАБҚ) көрсету туралы» «Білім туралы» ҚР Заңының 63-б., «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 20.07.2009 ж. № 1102 Қаулысының, Мектеп Жарғысының, педагогикалық кеңестің, қалалық білім бөлімінің сараптамалық кеңесінің, мектепшілік ата-аналар комитеті жиналысының шешімі негізінде, оқушылардың және ата-аналарының (заңды өкілдерінің) қосымша білім беру қызметтеріне деген сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында сурет, ағылшын, математика, ”сауатты оқып, сауатты жазамыз” хореография, «шахмат», бокс, таэквон-до, «еркін күрес», үстел теннисі, ”футбол”, ”тәтті дәм”, ”робототехника”, ”мобилография”, ”домбыра” «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-нің әдістемелік бірлестік отырысында талқыланып, педагогикалық кеңес отырысында бекітілді және қалалық сараптау комиссиясының отырысында мақұлданды.

Бала санының өзгеруінің динамикасы төмендегідей болды

Ай аты/оқушы саны		Қаржы (тг)
Қыркүйек	474	1 172 500
Мамыр	439	2 055 000

Ұсыныс:

- Ақылы үйірме бойынша ілгері жұмыстар жүргізіп, оқу сапасын көтеру.
- Оқушылардың функционалдық қабілетін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізу.
- Логикаға бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізу.

3.4. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ

Салыстырмалы негізгі көрсеткіштер

	2020-2021	2023-2024	2022-2023
--	-----------	-----------	-----------

Кітапхана қоры	30 874	108 955	11 850
Кітапхана қоры қазақ тілінде	28 567	86 481	8 820
Көркем әдебиеттер	1 416	1 688	646
Көркем әдебиеттер қазақ тілінде	1 186	1 397	447
Мектеп оқулықтарының саны	11 245	15 352	11 204
Мектеп оқулықтары қазақ тілінде	8 199	12 877	8 373
Жаңа буын оқулықтар			6 847
Жаңа буын оқулықтар қазақ тілінде			5 046
Оқулықтың сомасы	23 182250	34 050 100	25 856 850
Кітапхана қорының сомасы			54 002 118
Көркем әдебиеттер сомасы	1 212 975,99	906 752	2 651 874
Есептен шығару	3 152	11 730	46 823
Есептен шығару сомасы	2 647 474,18	17 969 635	56 443 293,36

Қордағы оқулықтармен жұмыс

Ақтөбе қаласының қалалық білім бөлімі 2022-2023 оқу жылында 2 сыныпқа жаңартылған мазмұндағы және 1-ші, 5-11 сыныптарға қосымша оқулықтар алынған болатын. Мектеп қорына 11 099 дана мектеп оқулықтары алынды.

2022-2023 оқу жылында барлық 140 комплект кластар оқулықтармен 100% қамтылды.

Негізгі қормен жұмыс

«Оқуға құштар мектеп жобасы» бойынша көркем және сала әдебиеттері ҚББ-нен 428 дана әдебиеттер мектеп кітапхана қорына алынды.

Мектеп қаржысына «Qasym баспа үйінен» 182 дана оқу бағдарламасын негізге ала отырып, көркем әдебиеттер алынды

Мектеп атауының өзгеруіне байланысты мектеп директоры Тажимишев А.А. «*Мектебіңе кітап сыйла*» акциясы негізінде І.Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық» атты кітабын мектеп кітапханасына тарту етті.

Мектеп басшысының Алматы қаласына іссапарында Д.Қонаев атындағы музейі мен Қонаев халықаралық қорынан әкелген бірқатар кітаптарды мектеп қорына сыйға тартты. Барлығы 34 дана кітап мектеп қорына берілді.

Сонымен бірге, 14 ақпан «*Халықаралық кітап сыйлау күні*» және «*23 сәуір халықаралық кітап және авторлық құқық күніне орай*» кітап жаңашырлары мен 1-сынып оқушылары мен ата-аналары белсенділік танытты. Аталған шараларда оқырмандар қызықты жанрдағы әдебиеттер мен балаларға арналған танымдық кітаптарды сыйға берді.

Жылда дәстүрге айналған *«Мектебіңе кітап сыйла»* акциясына 6 «К» класс оқушысы Рафидин Амир Вуйчич Н. «Жизнь без границ. Путь к потрясающе счастливой жизни» атты кітабы берілді. Сыйға берілген кітаптар саны 275 дана, барлығы актпен тіркеліп, әрі қарай өңдеу жұмыстарын жасап, кітапхана қорына пайдалануға қосылады.

Мектеп кітапхана қорын толықтыру жүйесі мектеп қаражатынан да алынып қорды көбейту жұмыстары жүргізіліп келеді. Аталған шара барысында әр кафедраның сұраныстарын орындау барысында оқу процесіне қажетті әдебиеттерді қамту көзделген. Осыған орай, әр кафедра өз ұсыныстарын жеткізіп, 500 000 теңге көлемінде кітапхана қорына 213 дана сала әдебиеттері, көркем әдебиеттер орыс тілінде, бастауыш сыныптар үшін қосымша бағдарламаны меңгеруге тереңдетілген тапсырмалар жинағы, тест жинақтары т.б. алынды.

3.5. МЕКТЕПТЕГІ КӘСІПТІК БАҒЫТ- БАҒДАР БЕРУ БОЙЫНША ЖҰМЫС

Мектебімізде кәсіптік бағдар беру жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

Диагностикалық жұмыс

Кәсіби артықшылықтарды, қалаған білім саласын, болжамды профильді анықтау мақсатында 9 және 11 класс оқушыларымен google-forma және қағаз үлгісінде сауалнама жүргізілді.

Консультативтік жұмыс

Класс жетекшілер кәсіби таңдау бойынша оқушылармен жеке әңгімелесулер өткізді. Кәсіби қызығушылықтар анықталды, кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсетілді.

Әлеуметтік-ағарту жұмыстары.

Класс сағаттарынан тыс төмендегідей ағарту жұмыстары өткізілді:

- Кәсіптік бағдар бойынша класстан тыс шаралар;
- Психологтармен жұмыс (тренинг, қолдау сағаты, тест, сауалнама, т.б.);
- Ата-аналармен жұмыс (жиналыс, кездесу, дөңгелек үстел);
- Жоғары оқу орындарымен (ЖОО) ынтымақтастық;
- Орта-арнаулы оқу орындарымен (колледж, лицей) ынтымақтастық;
- Өндірістік орындармен ынтымақтастық (табысты тұлғалармен кездесу: дәрігер, инженер, механик, т.б.);

- Enbek.kz , kasip.kz портал және интернет-ресурстармен жұмыс;
- Кәсіптік бағдар бойынша мектепішілік сауалнамалар (гугл-форма, т.б.);
- Түлектердің орналасуы (оқуға түсуі), жұмыспен қамтылуы.

Қорытындылай келе, кәсіби бағдар жұмысының қорытындысын төмендегідей жасауға болады:

- ✓ Мектепте заманауи қоғам экономикасының сұранысын ескере отырып, білім алушыларды кәсіптік бағдарлау бойынша мақсатты жұмыстар жүргізілді.
- ✓ Кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспары жеткілікті деңгейде жүзеге асырылды.

Келесі жылы кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жалғастыру қажет:

- оқушыларға өзінің мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде кәсіптік бағдар беру қолдауын көрсету.

2022-2023 оқу жылына кәсіптік бағдар беру жұмысының міндеттері:

1. Еңбекке оң көзқарас қалыптастыру.
2. Білім алушыларға кәсіби өзін-өзі анықтауда жеке көмек көрсету және оларға диагностика нәтижелері негізінде олардың интеллектуалдық, психологиялық, психофизиологиялық, физиологиялық ерекшеліктеріне неғұрлым сәйкес келетін кәсіби қызметтің ықтимал бағыттары туралы ұсынымдар беру;
3. Негізгі немесе орта (Толық) мектепті бітіргеннен кейін таңдау жағдайында бағдарлаудың қажетті деңгейін педагогикалық, психологиялық, ақпараттық қолдау арқылы оқушылардың кәсіби бағдарлау құзыреттілігін қалыптастыру.

3.6. МЕКТЕПТЕГІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Мектеп парламенті – белсенді оқушылар, олар мектеп өміріндегі мәселелер мен ағымындағы істерге бей-жәй қарамайды. Бұндай істерге шығармашыл көзбен қарайды. Мектептің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға белсене араласады.

Қорытынды: Мектепте 2022-2023 оқу жылында мектеп парламенті толыққанды өз міндетін атқарды деп айтуға келмейді. Мектеп парламенті жүйесі көбіне-көп «Жас Ұлан» ұйымының бағдарламасы аясында жүзеге асты. Назарларыңызға ұсынылған SWOT талдау арқылы алдағы оқу жылына өзін-өзі басқару жүйесіне үлкен басымдық танытып, тиімді ұсыныстардың негізінде нәтижелі жұмыс болады деп күтілуде.

Ұсыныс:

- Облыс деңгейіндегі, қала деңгейіндегі шығармашылық-спорттық, мәдени сайыс-байқауларға оқушыларды қатыстыру, Оқушылар сарайындағы тәлімгерлердің жұмысына мониторинг жүргізу бағытында үздік ондықтар қатарына кіріп, оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің жұмысын жандандыру;
- Оқушылардың бос уақытын тиімді қамти отырып, мектептің активтерін, белсенділерін пайдалы қоғамдық жұмысқа тарту.

IV. ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР: ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ МЕН 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА МАҚСАТ-МІНДЕТТЕР МЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Жылдық жұмысты қорытындылай келе, жалпы жоспарланған, әр түрлі бағыттағы жұмыстар толық атқарылды. Дегенмен жұмыс барысында *төмендегідей шешілмеген проблемалар бар*:

- Мектебіміз 2017-2018 оқу жылының II тоқсанынан бастап 3 ауысымда оқиды, жыл сайын бала саны өсіп келеді. Осы мәселені шешу үшін тез арада мектепке жапсарлас құрылыс салу қажеттілігі - өзекті мәселе болып қалып тұр.
- Мектепішілік құқықтық кеңестің шешімімен мектепішілік тіркеуге есепке алынған оқушылармен жұмыс жасап, оның санын азайту немесе болдырмау.
- Өткен оқу жылымен салыстырғанда педагогикалық кадрлар құрамы бойынша кадр тапшылығы әлі де бар. Атап айтқанда, орыс тілінде оқытылатын бастауыш сынып мамандары, орта және жоғары буындарда орыс тілінде оқытылатын кластардағы технология, география, информатика пәні мұғалімдері жетіспейді.
- Өткен оқу жылымен салыстырғанда білім алушылардың білім сапасы 4%-ға төмендегені байқалды. Бұған бірнеше себеп келтіруге болады: оқушылар санының көптігі, кейбір пәндердің топқа бөлінбей оқытылатыны, қосымша сабақтарда оқу кабинеттерінің жетіспеушілігі, т.б.
- Қазіргі таңда қосымша білім берумен жалпы оқушылардың 85%-ы қамтылған. Үйірме-секцияларға сұраныс көп, бірақ кабинеттердің жетіспеушілігіне қарамастан, 100% қамтамасыз ету үшін қалалық, облыстық спорт мектептерінің филиалдарын мектеп жанындағы «Жеңіс» спорт орталығынан ашып, оқушыларды үйірме-секцияларға тарту жоспарда бар.

Әр сала бойынша атқарылған жұмыстарды саралай келе, келесі оқу жылына *ұсыныстар*:

- Алдағы оқу жылында 3 ауысымдық проблема шешілмейтіндіктен, оқу кабинеттерінің тапшылығы болады, сондықтан кластардағы оқушы санының тығыздығын 30-32 оқушыдан отырғызу.
- Мектепішілік есепте тұрған оқушылар санын азайту немесе болдырмау үшін құқықтық кеңестің жұмысын күшейту, осындай оқушылар және олардың ата-аналарымен нақты жұмыстар белгілеу.

- Педагогикалық кадрлар тапшылығын шешу үшін жергілікті жоғары оқу орындарымен келіссөздер жүргізу, осы мектептің түлектерімен тапшы педагогикалық мамандықтарға оқуға түсуге кәсіптік бағдар жұмыстарын күшейту, оның ішінде тапшы мамандықтарға бағыттау;
